

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және  
барлау» кафедрасы

Дукембаева Б.Е

**Дипломдық жобаның**

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ**

**«Бозшакөл кенорны шығыс флангасындағы барлау жобасы»**

6В07202 – Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және  
барлау» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы, ассоц. профессор

 А.А. Бекботаева

« 12 » 06 2023 ж.

**Дипломдық жобаның**

**Түсіндірме жазбасы**

**«Бозшакөл кенорны шығыс флангасындағы барлау жобасы»**  
тақырыбына

6B05201 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» БББ

Орындаған

Дукембаева Б.Е

**Пікір беруші**

Қ.И.Сәтбаев атындағы ГФИ  
БҒК, геология-минералогия  
ғылымдарының кандидаты,  
профессор

**Ғылыми жетекші**

Геол.-минералогия ғылымдарының  
кандидаты, ассоц. профессор

 Асубаева С.К.

« 12 » 06 2023 жыл



Алматы 2023



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және  
барлау» кафедрасы

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы, асоц. профессор

 А.А. Бекботаева

« 12 » 01 2023 ж.

**Дипломдық жобаны даярлауға**

**ТАПСЫРМА**

Студент: Дукембаева Балауса Ержановна

Тақырыбы: «**Бозшакөл кенорны шығыс флангасындағы барлау  
жобасы**»

Университет Ректорының 2022 жылғы "23" қараша №408 п/ө бұйрығымен  
бекітілген

Орындалған жобаны тапсыру мерзімі 2023 жылғы "14" маусым

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Бозшакөл мыс кенорнының шығыс флангасындағы ауданы бойынша  
геологиялық ақпаратты жинау және талдау;

б) Бозшакөл кенорны шығыс флангасындағы геологиялық барлауға жоба  
жасау

в) Мыс кенорнының қорларын есептеу

г) Жобаланатын жұмыстарды экономикалық бағалау

б) Мыс қорының орташа мөлшерін анықтау

в) Жер қойнауын және қоршаған табиғи ортаны қорғау

г) Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Ауданның геологиялық картасы 1:1 000 000; Кенорынның геологиялық  
картасы 1:100 000;

Сызба материалдары 3 бет, слайдта көрсетілген




Ұсынылатын негізгі әдебиеттер саны - 21

Дипломдық жобаны даярлау

**КЕСТЕСІ**




Бөлім атаулары дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімдері	Ескерту
Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	31.03.2023 ж.	жоқ
Ауданның зерттелу тарихы	15.04.2023 ж.	жоқ
Кенорынның геологиялық құрылысы	15.04.2023 ж.	жоқ
Жобалық жұмыстардың әдістемесі	30.04.2023 ж.	жоқ
Күтудегі қорларды есептеу	30.04.2023 ж.	жоқ
Экономикалық бөлім	15.05.2023 ж.	жоқ

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	Геол.-минералогия ғылым. кандидаты, ассоц. профессор Асубаева С.К.	15.05.2023 ж.	
Кенорынның геологиялық құрылысы	Геол.-минералогия ғылым. кандидаты, ассоц. профессор Асубаева С.К.	15.05.2023 ж.	
Жобалық жұмыстардың әдістемесі	Геол.-минералогия ғылым. кандидаты, ассоц. профессор Асубаева С.К.	15.05.2023 ж.	
Күтудегі қорларды есептеу	Геол.-минералогия ғылым. кандидаты, ассоц. профессор Асубаева С.К.	15.05.2023 ж.	
Экономикалық бөлім	Геол.-минералогия ғылым. кандидаты, ассоц. профессор Асубаева С.К.	15.05.2023 ж.	
Қалып бақылаушы	ГКТПҚКІЖБ кафедрасының оқытушысы Құрманғажина М.М.	10.06.2023 ж.	

Тапсырма берілген мерзімі «23» қараша 2022 ж.

Кафедра меңшерушісі  
Дипломдық жобаның жетекшісі  
Тапсырманы қабылдаған студент

Бекботаева А.А.  
Асубаева С.К.  
Дукембаева Б.Е



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және  
барлау» кафедрасы

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы, ассоц. профессор

 А.А. Бекботаева

« 12 » 01 2023 ж.

Пайдалы қазба: Мыс  
Нысана аты: Бозшакөл кенорны  
Кездестірілген жері: Қазақстан Республикасы  
Павлодар облысы  
Екібастұз ауданы

**ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА**

**Дипломдық жобаның тақырыбы:** Бозшакөл кенорны шығыс  
флангасындағы барлау жобасы


**Геологиялық тапсырма берудің негізі:** Өндірістік практикадан алынған  
материалдар жиынтығы

**1 Дипломдық жобаның мақсаты, нысананың кеңістіктегі шекарасы, бағалаудың негізгі көрсеткіштері:** Бозшакөл кенорны шығыс  
флангасындағы мысты кен дененің материалдық құрамы мен технологиялық  
сипаттамаларын анықтап, С<sub>2</sub> категориясы бойынша мыстың қорын есептеу

**2 Геологиялық мәселелер, оларды шешу тәртібі мен негізгі әдістері:**

- 1) Ауданның геологиялық құрылысы
- 2) Бұрын жүргізілген жұмыстарға шолу, оларды талдау мен бағалау
- 3) Кенорнының экономикалық маңызын айқындау
- 4) Графикалық материалдарды даярлау

**3 Жұмыстарды орындау мерзімі мен болашақ нәтижелері:**  
Бозшакөл кенорнының экономикалық маңызы

Дипломдық жобаның жетекшісі  Асубаева С.К.

## АҢДАТПА

Дипломдық жобаның тақырыбы «Бозшакөл кенорны шығыс флангасындағы барлау жобасы».

Мысты кенорындары арасындағы эталон кенорын ретінде Бозшакөл кенорыны екені белгілі. Басты кенді минералдары – пирит, халькопирит, молибденит, магнетит.

Берілген дипломдық жоба 49 беттік мәтіннен, 6 негізгі бөлім, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және 3 беттік парақты сызбалық қосымшалардан тұрады.

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты Павлодар облысы, Екібастұз аудан аумағында орналасқан “Бозшакөл” кенорны шығыс флангасындағы геологиялық тұжырымдарға сүйене отыра барлау жұмыстарын жобалау.

Осы дипломдық жобаны орындау үшін кенорнының геологиялық, геофизикалық, сондай – ақ геохимиялық сынамалар нәтижелері пайдаланылды.

## АННОТАЦИЯ

Тема дипломного проекта "Проект разведки на восточном фланге Бозшакольского месторождения".

Известно, что месторождение Бозшаколь является эталоном среди месторождений меди. Основными рудными минералами являются пирит, халькопирит, молибденит, магнетит.

Данный дипломный проект состоит из 49 страничного текста, 6 основных разделов, заключения, список литературы и 3 страничного листового чертежного приложения.

Основная цель дипломного проекта - проектирование разведочных работ на восточном фланге месторождения "Бозшаколь", расположенного на территории Экибастузского района Павлодарской области, исходя из геологических данных.

Для выполнения данного дипломного проекта были использованы результаты геологических, геофизических, а также геохимических проб месторождения.

## ANNOTATION

The topic of the graduation project is "Exploration project on the eastern flank of the Bozshakolskoye field".

It is known that the Bozshakol deposit is a benchmark among copper deposits. The main ore minerals are pyrite, chalcopyrite, molybdenite, and magnetite.

This graduation project consists of a 49 page text, 6 main sections, a conclusion, a list of references and a 3 page sheet drawing application.

The main objective of the diploma project is the design of exploration work on the eastern flank of the Bozshakol field, located on the territory of the Ekibastuz district of Pavlodar region, based on geological data.

The results of geological, geophysical, and geochemical samples of the deposit were used to carry out this diploma project.



## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	11
1	Жұмыстарды жүргізудің географиялық – экономикалық жағдайлары	12
2	Жүргізілген жұмыстарды шолу, талдау және бағалау	15
3	Жұмыс алаңының геологиялық, гидрогеологиялық, геофизикалық геохимиялық сипаттамалары	17
	3.1 Стратиграфиясы	17
	3.2 Кенорнының интрузиясы	19
	3.3 Тектоникасы	20
	3.4 Пайдалы қазбалары	21
	3.5 Стратиграфиясы мен литологиясы	22
	3.6 Кен денесінің сипаттамасы	23
	3.7 Кенорнының генезисі	24
	3.8 Кенорнының гидрогеологиялық жағдайлары	24
	3.9 Кенорнының геохимиялық сипаттамалары	25
	3.10 Кенорнының геофизикалық сипаттамасы	26
4	Геологиялық тапсырмалар және оларды шешу әдістемесін талдау	27
	4.1 Гидрогеологиялық және инженерлік – геологиялық жұмыстары	27
	4.2 Геофизикалық жұмыстар	29
	4.3 Барлаулық бұрғылау	30
	4.4 Сынамалау	32
	4.5 Сынамаларды өңдеу	35
	4.6 Кендер мен таужыныстарды зертханалық зерттеу	35
	4.7 Камералдық жұмыстар	37
	4.8 Күтілетін жұмыс нәтижелері және қорларды есептеу	37
5	Жұмыс шығындары	40
	Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық және	
6	ұйымдастыру сұрақтары	43
	6.1 Экологиялық қауіпсіздік	44
	Қорытынды	46
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47
	Қосымша А	48
	Қосымша Ә	49
	Қосымша Б	50

## КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның мақсаты – Бозшакөл мыс кенорнының шығыс флангасын барлау болып табылады.

Бұл нысанды зерттеу 1930 жылы басталды, оны Борукаев Р. А. ашты. Бозшакөл кенорны негізінен 40-50 жылдары барланған. Оның қорлары 1943, 1952 және 1961 жылдары үш рет бекітілді.

Жобаның мақсаты:

- 600 м тереңдікке дейін, 50x100 желісі бойынша барлау ұңғымаларымен кенді ашу және зерттеу.

- Кенорнының тау-кен-техникалық, гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу үшін бұрғылау, геофизикалық, гидрогеологиялық жұмыстардың қажетті кешенін орындау.

- Сынамалау, зертханалық-зерттеу және камералдық жұмыстардың қажетті кешенін жүргізу.

- Бозшакөл кенорнының шығыс флангасындағы геологиялық қорлар мен ресурстардың нұсқалық есебін жүргізу.

- Шығыс флангасы үшін тұрақты барлау кондицияларының ТЭН-ін құрастыру.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде кенорнының ауқымы, шекаралары белгіленді, аудан мен кенорнының геологиялық картасы нақтыланды. Сондай-ақ, кенорнындағы өнеркәсіптік кенденуді 300-400 м-ге дейін, ал жекелеген жерлерде 500-650 м-ге дейін, Батыс, Батыс Қиыр, Майсор телімдерінде өнеркәсіптік және жоғары мыс құрамы бар, мысты-порфир кендері анықталғаны байқалады.

Бозшакөл кенорнында жүргізілген іздеу-барлау жұмыстарының нәтижесінде мыс құрамындағы бірнеше телім анықталды, олардың бірі шығыс флангасында болып табылады. Ол жобаны жобалау кезінде негізгі нысан және оның мақсаты осы қапталды одан әрі геологиялық зерттеу болып табылады.

Шығыс қапталында жобалық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде кен денелерінің морфологиясы, олардың пайда болу шарттары зерттеліп, сапалық сипаттамалары анықталатын болады. Сондай-ақ пайдалану барлауын жүргізудің орындылығы туралы ТЭН жасалады және оған сәйкес  $C_2$  категориясы бойынша өнеркәсіптік маңызы бар кендердің, металдың, ілеспе пайдалы компоненттердің қорлары анықталады.

# 1 ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Бозшакөл кенорны - Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз ауданының аумағында, облыс орталығы - Павлодар қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 170 км, аудан орталығы – Екібастұз қаласынан батысқа қарай 60 км және Павлодар – Астана магистралінде орналасқан Бозшакөл және Шідерті теміржол станцияларынан солтүстікке қарай 18 км жерде орналасқан (1 сурет). Аталған теміржол станцияларынан басқа ең жақын елді - мекендер Төрткұдық кеніші мен Байет кеніші болып табылады.

Аудан аумағы Орталық Қазақстан ұсақ шоқыларының солтүстік беткейінде, оның батыс Сібір ойпатына өту аймағында орналасқан. Аудан бедердің солтүстік пен солтүстік - шығысқа қарай төмендеуімен сипатталады. Ауданның солтүстік және солтүстік - шығыс бөлігі 235-тен 145 м-ге дейінгі абсолютті белгілері бар, 5-тен 10 м-ге дейінгі салыстырмалы асып кетуімен жұмсақ толқынды жазық болып табылады. Ұсақ шоқының абсолюттік белгілері орта есеппен 364 – тен 235 м-ге дейін, ал салыстырмалы белгілері 15-тен 50 м-ге дейін. Кенорны кең ойпатта орналасқан (абсолюттік белгілері 220-дан 255 м-ге дейін), аласа жоталармен қоршалған. Ұсақ шоқылардың жоталары негізінен солтүстік - шығыс бағытта созылған.

Кенорнының солтүстігінде жер бедері біртіндеп төмендеп, жазыққа қарай ауысады. Оңтүстік пен батысқа қарай жер бедері таулы сипатқа ие болып, Батыста Ерементәу тауларының биік жоталарымен көмкерілген. Кенорнының ең биік нүктелері - төрт төбенің шыңдары: Обала шоқысы (абс. белгісі 271,4 м) Бозшакөл кенорнының батыс шетінде, Орталық шоқысы (абс. белгісі 239,5 м) кенорнының орталық бөлігінде, Солтүстік - Батыс (абс. белгісі 246 м) және Оңтүстік - Шығыс (абс. белгісі 246,6 м белгісі) - кенорнының кен өрісінен тыс солтүстік - батыста және оңтүстік – шығыста орналасқан.

Ауданның климаты күрт континенталды. Минималды температура  $-42^{\circ}\text{C}$ , максимум  $+41^{\circ}\text{C}$ , орташа жылдық температура  $+3^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 200-250 мм. Оңтүстік - батыс желдері тән.


Ауданның гидрографиялық желісі бір - бірінен 30-60 км қашықтықта, солтүстік - шығыс бағытта ағып жатқан Қарасор, Ащыкөл, Бозшасор, Майсор, Көксор көлдеріне және Өлеңті мен Шідерті өзендеріне құятын көптеген бұлақтармен ашылған. Өлеңті өзені Бозшакөл кенорнынан батысқа қарай 18 км жерде ағып өтеді. Ең ірі су ағыны болып табылатын Шідерті өзені кенорнынан шығысқа қарай 20 км-дей аумақты кесіп өтеді. Шідерті және Өлеңті өзендерінде тұрақты су ағыны бар, олардың болуы каналдан су ағындарымен және су қоймасынан судың сүзілуімен байланысты.

Бозшакөл кенорны ауданының гидрографиялық желісін Сарыапанөзек, Темірастау, Ақтасты, Жыңғылды өзендері де ашады. Бұл су ағындарының гидрологиялық режимі қысқа мерзімді (5-тен 10 күнге дейін) көктемгі ағынмен сипатталады, оның қарқындылығы қысқы - көктемгі жауын -шашынның мөлшеріне байланысты. Канал трассасының бойындағы бедердің төмендетілген



телімдерінде таяз жер беті алаптары пайда болды. Көлдер 0,5-тен 1,5 м-ге дейін таяз және қақпақ тәрізді немесе сопақша пішінді, қисық жағалау сызығымен және тегіс түбімен тығыз лай қабатымен жабылған. Көлдердің көпшілігі жазда құрғайды, ал сақталған көлдерде су тұзды болады.

Кенорнының ауданы қолайлы экономикалық жағдайда. Оның шегінде ірі әкімшілік және өнеркәсіптік орталық – алюминий, трактор және мұнай айдау зауыттары, химиялық комбинаты Павлодар қаласында орналасқан. Ақсу қаласында ірі ферроқорытпа зауыты мен қуатты электр станциясы орналасқан. 90-нан 100 км-ге дейінгі радиуста елдің солтүстігіндегі ірі Екібастұз және Майқұба көмір алаптары орналасқан, олардың негізінде ірі жылу электр станциялары жұмыс істейді. Ауданда екі байыту фабрикасы бар Алпыс және Майқайың жұмыс істеп тұрған алтын өндіру кәсіпорындары орналасқан. Бозшакөл кенорны ауданында жақын маңдағы Төрткүдық ауылына байланысты энергиямен жабдықтау дамыған.



1 сурет – Кенорны орналасқан ауданның шолу картасы  
Масштабы 1:1 000 000

Байланыстың негізгі жолдары Шығыста - Сібір қалаларына, Батыста – Орта Азия мен Оралға шығатын Павлодар – Астана теміржол желісі болып табылады. Кенорнынан оңтүстікке қарай 18-20 км жерде Павлодар –Қарағанды жалпы мемлекеттік автомагистралі өтеді, ол кенорнын Қазақстанның қалаларымен және кәсіпорындарымен байланыстырады. Кенорнынан 18 км қашықтықта Бозшакөл Теміржол вокзалы орналасқан. Кенорнынан шығысқа қарай 30 км жерде Қ. Сәтбаев атындағы канал құрылыстарының жүйесі өтеді, ол Шідерті су қоймасымен жалғасады. Қ. Сәтбаев атындағы канал есебінен (№1 су

торабы) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Бозшакөл КБК нысандарын сумен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын болады. Жұмыс алаңдарын техникалық сумен қамтамасыз ету үшін карьер алаңынан су төгу операциялары барысында алынған суды пайдалану жоспарланады. Кенорнының ауданында орман жоқ.

Ең жақын Баянауыл тауларындағы орман алқаптары Бозшакөлден 180 км қашықтықта орналасқан. Кенорнының ауданы табиғи құрылыс материалдарымен толық қамтамасыз етілген: цемент өндірісіне арналған шикізат, құрылыс тасы, трепел, құм, қиыршық тас, магнезит, отқа төзімді саздар, кварциттер, қоспаларға арналған әктастар.

## **2 ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРДЫ ШОЛУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

1930-1938 жылдары кенорнын Борукаев Рамазан Асланбекұлы ашқаннан кейін, бірден алдын - ала барлау жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде кенорнының ауқымы белгіленіп, алдын ала бағалау берілді. Қорлар 1943 жылы С<sub>1</sub> және С<sub>2</sub> категориялары бойынша бекітілді (21.07.1943 ж. № 2865 хаттама).

1948-1952 жылдары кенорнында толық геологиялық барлау жұмыстары жүргізілді. Бұл қорлардың айтарлықтай бөлігін В категориясына ауыстыруға мүмкіндік берді, нәтижесінде кенорнының қорлары қайта есептеліп, 1952 жылы қайтадан бекітілді (25.12.1952 ж. № 7851 хаттама).

1952-1958 жылдары кенорнында толық геологиялық барлау жұмыстары мен кенорнының қапталдарын жиектеу жұмыстары жалғасты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде аудан мен кенорнының геологиялық картасы нақтыланды, ал 1961 жылы КСРО МҚК Бозшакөл мыс кенорнының қорларын бекітті.

1960-1980 жылдары кенорны мен кенорнындағы геологиялық жұмыстар жаңартылып отырды. Осылайша, 1966-1968 жылдары жартылай өнеркәсіптік жағдайларда кенді байыту технологиясын, физика -механикалық қасиеттерін зерттеу жұмыстары жалғастырылды. 1978 жылы барланған қорларда кеніштің құрылысы басталып, кенорнының қорлары мен ресурстарын оның қапталдарында және терең (карьерге жақын) горизонттарында бағалау, сондай - ақ Қиыр Батыс пен Майсордың анықталған болашағы бар телімдерінің кенділігін бағалау мақсатында іздеу -бағалау жұмыстары қайта жанданды.

1987-1992 жылдары іздеу - бағалау жұмыстары жүргізілді. Олар 1:10 000 масштабтағы кен өрісін геологиялық - геохимиялық картаға түсіруді, бүкіл аумақта карталық бұрғылауды (200x100м желі) және Бозшакөл кенорнында (қапталдар мен терең көкжиектер) және Қиыр Батыс пен Майсор телімдерінде тереңдік іздеп бұрғылауды қамтыды.

1988-1991 жж. ҚАЗСССР ҒА Қ.И. Сәтбаева атындағы ГҒИ - мен "Бозшакөл мыс - порфир кенорнының минералогиясы және метасоматиттері, "Одақ" алтын – мыс - турмалин кенорнының минералдық құрамы мен кен маңындағы өзгерістерін алдын ала зерттеу" тақырыбы бойынша ғылыми -зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1987-1990 жылдар аралығындағы бағаналы бұрғылау ұңғымалары материалды шлифтерге, аншлифтерге және спектрлік талдауларға іріктеумен құжатталған. 3300-ден астам мөлдір және 3000-ға жуық жылтыратылған шлифтер зерттелді, 1300-ден астам петрографиялық бақыланатын жартылай сандық спектрлік және 100 рентген - флуоресцентті таужыныстарын талдау нәтижелері өңделді, 120 микрозонд, 96 рентген - құрылымдық, 250-ден астам жартылай сандық спектрлік, түтік - спектрлік минералды талдаулар жасалды. Гидротермиялық процестің үш кезеңі анықталды, метасоматит пен кенденудің арақатынасы анықталды.



2008 жылы "Жезқазғангеология" АҚ морудың алтын қабығының болуын растау үшін карталау ұңғымаларын бұрғылау әдісімен іздеу жұмыстарының аз көлемін жүргізді.

2008-2011 жылдары "Жезқазғангеология" АҚ Бозшакөл кенорнында геологиялық бөлу шекарасындағы Бозшакөл кенорнының Шығыс телімінде қосымша барлау жұмыстарын жалғастырды.

2008 жылы "Kazakhmys project LLC" ЖШС Бозшакөл кенорнында морудың алтын қабығына барлау жұмыстарын жүргізді.

2009 жылы "Fluor Australia Pty Ltd" компаниясы технологиялық зерттеулер жүргізіп, "Бозшакөл кенорны бойынша ТЭН-ді кеңейтіп дайындау" есепнамасын жасады.

2010 жылы Қазақстандық түсті металлургия кәсіпорындарын жобалау жөніндегі бас институт, "Бозшакөл тау - кен байыту комбинатының құрылысына техникалық - экономикалық негіздеме " дайындады.

2011 жылы Австралиялық АМС Consultants (UK) Limited компаниясы кенорнының қорларының жаңартылған моделі негізінде жобаның ТЭН-ін дайындады.

2012 жылы кеніштің құрылысы басталды. 2015 жылғы 11 желтоқсанда Бозшакөлде іске қосу - жөндеу жұмыстары басталды. 2016 жылдың ақпанында мұнда алғашқы мыс концентраты шығарылды. Қазіргі таңда Бозшакөл кенорны 40 жылдан астам жұмыс істейді. 2017 жылы шығыс флангасында 25 бағаналы бұрғылау ұңғымалары, 2018 жылы тағы 17 ұңғыма бұрғыланды.

### 3 ЖҰМЫС АЛАҢЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ, ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ, ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

#### 3.1 Стратиграфиясы

Бозшакөл кен алқабының геологиялық құрылымына кембрий, ордовик, палеоген және төрттік жүйелердің таужыныстары қатысады.

##### *Протерозой жүйесі*

Протерозой жүйесінің түзілімдері ауданның орталық, оңтүстік және оңтүстік - батыс бөлігін алып жатыр. Протерозой түзілімдерінің негізі терең ұңғымалармен ашылмайды.

##### *Төменгі бөлімі*

*Ефимов қабаты (Pr<sub>1ef</sub>)*. Түзілімдер ауданның орталық және оңтүстік - шығыс бөліктерінде көп таралған. Түзілімдер амфиболиттермен, актинолит тақтатастарымен, кварц - актинолит тақтатастарымен, порфиритоидтармен ашылған. Батыс пен оңтүстікке қарай жанартаулы - шөгінді және шөгінді түзілімдердің саны артып келеді. Түзілімдердің қалыңдығы 2000 м. Ерейментау қабаты таужыныстарының құрамындағы айырмашылыққа байланысты, стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатады.

*Ерейментау қабаты (Pr<sub>1er</sub>)*. Түзілімдер ауданның оңтүстігінде кеңінен таралған. Түзілімдер ультрабазиттердің, хлорит тақтатастарының, яшмалардың, кварциттерге айналатын эктастардың, порфиритоидтардың және туфтардың интрузияларымен ашылған. Түзілімдердің қалыңдығы 800 м. Бозшакөл қабатының төменгі қабатшасы таужыныстарының құрамындағы айырмашылыққа байланысты, стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатады.

*Кембрий жүйесі*. Кембрий жүйесінің түзілімдері ауданның көп бөлігін алып жатыр. Кембрий түзілімдері ауданның орталығында, солтүстік -батысында, шығысында палеоген мен төрттік жүйенің түзілімдерімен жабылған.

*Төменгі бөлімі. Бозшакөл қабаты. Төменгі қабатша (Є<sub>1bk1</sub>)*. Түзілімдер бүкіл аумақта таралған және оның көп бөлігін қамтиды. Түзілімдер Бозшакөл кенорны үшін кенді болып табылады. Шығысқа қарай жанартаулық - шөгінді жаралымдар саны артып келеді. Кенорнында терең ұңғымалар негізінен вулканииттермен, долериттік порфириттермен, туфтармен, жасыл полимиктикалық құмтастармен, алевролиттермен, яшмалармен, қиманың жоғарғы бөлігін ашады. Әрі қарай оңтүстікте жанартаулық-шөгінді және шөгінді жаралымдардың рөлі күрт артады. Порфирокласттар андезит пен лабрадормен ашылған. Негізгі бөлігі қоңыр ыдыраған вулкандық әйнектен, плагиоклаз микролиттерінен және өзгертілген қара түсті минералдан тұрады. Қабаттың жалпы қалыңдығы 2600 м-ден асады, оның жасы таужыныстардың қабаттасуымен анықталады. Жоғарғы қабатша түзілімдері үйлесімді жатады.

*Жоғарғы қабатша (Є<sub>1bk2</sub>)*. Түзілімдер ауданның солтүстігінде және орталығында кең таралған. Түзілімдер кератофирлер, трахит және кварц порфирлері, альбитофирлер, туфтар, туф құмтастары, қызыл құмтас қабаттары,

алевролиттер, яшмалар және яшмо-кварциттермен ашылған. Түзілімдердің қалыңдығы 2000 м. Майдан қабатшасының түзілімдері таужыныстарының құрамының айырмашылығымен және кейіннен органикалық қалдықтардың көп жиналуымен байланысты, стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатады.

*Ортаңғы бөлім. Майдан қабатшасы (Є<sub>2md</sub>).* Түзілімдер ауданның солтүстігі мен оңтүстік-батысында кең таралған. Түзілімдер түрлі-түсті яшмалармен, құмтастармен, алевролиттермен, порфириттермен және туфтармен, фаунасы бар әктас линзаларымен ашылған; *Dunesus, Nususia, Erbosibrica (Schmidt), Labrodoria agustifrons, Jvsh, Kootenia, Olencides.* Түзілімдердің қалыңдығы 800-1000 м. Сарықсор қабаты үйлесімді жатады. Олардың жасы әктас линзаларында кездесетін, органикалық қалдықтармен анықталады.

*Сарықсор қабаты (Є<sub>2ss</sub>).* Түзілімдер ауданның орталығы мен батысында кең таралған. Түзілімдер кремнийлі тақтатастармен, жасыл алевролиттермен, шар тәрізді полимиктикалық құмтастармен, конгломераттармен, ал жоғарғы жағында фаунасы бар әктас линзаларымен ашылған; *Proidagnostus bituberculatus (Ang), Anjmocarijides, Diplagnostus (Linguanostus), Peranopsis, Hуpagnostus, оленоидтар.* Түзілімдердің қалыңдығы 1500-2500 м. Төрткұдық қабаты литологиялық өзгеріспен, стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатады. Олардың жасы әктас линзаларында кездесетін, органикалық қалдықтармен анықталады.

*Жоғарғы бөлім. Төрткұдық қабаты (P<sub>3hg</sub>).* Түзілімдер шығыста, оңтүстікте, оңтүстік-батыста және ауданның орталығында кең таралған. Түзілімдер мүйізді және пироксенді порфириттермен, туфтармен, яшмалармен ашылған. Негізінде конгломераттар, әктас құмтастар және фаунасы бар әктастар; *Olenus, Pseudagnostus, Lotagnjstus, Kuesdaspis, Cyclognathina, Peranjpsis, Hуpagnostusm Olenjides.* Базальт қабаттары сирек кездеседі. Түзілімдердің қалыңдығы 700-1500 м. Жасор қабатының қалыңдығы төрткұдық қабатының жанартауларына үйлесімді жатыр немесе порфириттермен қабаттасады. Олардың жасы әктас линзаларында кездесетін, органикалық қалдықтармен анықталады.

*Ордовик жүйесі. Жоғарғы бөлім. Жасор қабаты (O<sub>3jg</sub>).* Түзілімдер ауданның оңтүстік-шығысында шағын аумақты алып жатыр. Түзілімдер базальт құрамындағы порфириттер мен лавалармен, кварц порфириттерімен, туфты құмтастарымен, конгломераттармен, фаунасы бар әктас линзаларымен ашылған. Негізі базальт конгломераттарының горизонтынан тұрады. Эоцен бөлімінің түзілімдері таужыныстарының құрамындағы айырмашылыққа байланысты, стратиграфиялық үйлесімсіздікпен жатады.

*Палеоген жүйесі. Эоцен бөлімі (f<sub>2</sub>).* Түзілімдер ауданның барлық аумағында таралған. Түзілімдер құмдармен, саздармен, су төгетін құмтастармен, конгломераттармен ашылған. Бұл түзілімдер кварцит тәрізді құмтастар мен кремний цементі бар конгломераттардың үйінділері мен блоктары түрінде ашылады. Құмтастар ақ, қант тәрізді, әдетте нашар сұрыпталған. Кластикалық материал көбінесе бұрыштық пішінді, кремний мен кварциттердің шамалы қоспасы бар кварцтан тұрады. Түзілімдердің қалыңдығы 0-50 м.



*Төрттік жүйе (QIV).* Төрттік жүйеде делювиалды, аллювиалды түзілімдер, саздақтар, құмды саздақтар, малтатастар кездеседі. Төрттік жастағы борпылдақ формациялар барлық жерде дамиды және бөлінеді:

*Орта-жоғарғы плейстоцендік түзілімдер* таужыныстардың екі генетикалық түрін біріктіреді: делювиалды-пролювиалды және аллювиалды. Делювиалды-пролювиалды құм, ағаш және қиыршық тас араласқан қоңыр саздар мен саздақтармен ашылған. Түзілімдердің қалыңдығы алғашқы метрден 5-10 м-ге дейін. Аллювиалды түзілімдер жайылмалы террасаны құрайды және қиыршық тастармен, құмдармен, құмды саздармен және саздармен ашылған. Олардың қалыңдығы 15-25 м жетеді.

*Жоғарғы плейстоцендік голоцендік түзілімдер* делювиалды-пролювиалды құмды саздақтармен, саздақтармен, құмдармен, қиыршық тастармен ашылған. Қиманың төменгі бөлігі әдетте ірі сынықты болады.

*Голоцен түзілімдері* көбінесе көл алаптарының түбін құрайды және химогендік құмдар, құмды саздар, саздақтар, лайдан пайда болған. Кен алқабында морудың мезо-кайнозой қабығы дамыған. Оның батыс бөлігінде оның қалыңдығы 30-50 м болатын аумақтық сипаты бар.

### 3.2 Кенорнының интрузиясы

Ауданда кең таралған интрузиялар шток тәрізді денелер мен дайкалармен ашылған. Аудан шегіндегі интрузивті таужыныстардың шығуы тікелей Жанғабұла, Құлбай және Ақсаққуянды тауларында байқалады. Ауданның интрузивті таужыныстарының ішінде үш жас кешені ерекшеленеді: жоғарғы протерозой, ерте салайыр және силур.

Сипатталған аймақ үшін ең маңыздысы ерте салайыр жасындағы интрузиялар. Осы жастағы интрузиялардың кенорнында шығуы бар. Барлық осы интрузиялар үшін кембрий түзілімдері негізгі таужыныстар болып табылады. Ерте салайыр дәуіріне төменгі кембрий түзілімдері және гранодиорит порфирлерінің қалың дайкасы (үдлС2ss) ашқан Бозшакөл интрузиясы жатады.

Оңтүстік бөлігінде дайка фауналық сипатталған жоғарғы кембрий түзілімдерімен трансгрессивті түрде жабылған. Гранодиорит-порфир: кварц (10-25%), дала шпаты (20-40%), мүйіз алдамшы, пироксен, орташа плагиоклаз (25-45%). Түсі жасыл-сұр.

Бұл аймақтағы базальтты конгломераттардың қиыршық тастарында гранодиорит порфирі (үлС3tr), төменгі кембрий порфириттері бар, бұл интрузияның жасын сөзсіз дәлелдейді және интрузияны енгізу мен жоғарғы кембрий басталуы арасындағы ұзақ уақытты көрсетеді. Интрузияның батыс бөлігінде диорит-порфириттердің шығуы байқалады, олардың енгізілуі гранодиорит-порфирлердің енгізілуінен біршама бұрын болған. Бозшакөл мыс-молибден кенорны Бозшакөл интрузиясымен генетикалық байланысты.

Құлбай мен Жанғабұл интрузиясының құрылымында басты рөлді габбро ойнайды (ү ν3tr) әдетте ағынды және жолақты құрылымға ие. Жалпы амфиболды габбро болып табылады, онда плагиоклаз көбінесе қайталама өнімдермен

мақсатты түрде ауыстырылады және альбитизацияланады. Түсі көкшіл күлгіннен жасылға дейін. Плагиоклаз (20-40%), пироксен (15-25%), оливин, мүйіз алдамшы және кварцтан (30-55%) тұрады

Құлбай интрузиясының шығуы ( $\gamma \xi \text{E}_{2\text{ss}}$ ) жоғарғы кембрий түзілімдерімен трансгрессивті түрде қабаттасады. Интрузия ендік бағытта созылады. Сиенит микроклин-пертит пен микроклиннен (32,5%), альбиттен (54,4%), хлорланған кара түсті минералдардан – мүйіз алдамшыдан (12,9 %) және акцессориядан (0,4%) тұрады. Түсі сұрдан қызғылтқа дейін.

Жанғабыл интрузиясы габбро ( $\gamma \nu \text{3tr}$ ) төменгі кембрий түзілімдерін камтиды және изометриялық пішінге ие. Интрузия сонымен қатар силур кешенінің граносиениттерінің кейінгі интрузиясымен бұзылады. Граносиениттер тұрады микроклин-пертиттер, альбит, кварц, биотит және акцессорлық (магнетит, ильменит, рутил, титан, апатит, және циркон). Көк түстен күлгін-қоңырға дейін.

Силур интрузивті кешені Бозшакөл кенорнының оңтүстігінде гранодиорит порфирлерінің ( $\gamma \delta \text{E}_{2\text{ss}}$ ) және диорит порфирлерінің субпластикалық денесімен ашылған. Түсі жасыл-сұр. Сонымен қатар, ауданда дайкалы таужыныстары кеңінен дамыған, олардың көпшілігі эффузивті кешендермен байланысты. Бұл таужыныстар әдетте интрузивтермен тікелей байланысты емес.

Мұнда бірнеше петрографиялық топтар ерекшеленеді: долериттік порфириттер, габбро-порфириттер, сиениттер, сиенит-порфирлер, лампрофирлер.

### 3.3 Тектоникасы

Аудан байкал, каледон және альпі қатпарлану кезеңдеріне жатады.

Байкал қатпарлану кезеңі протерозойдың басында пайда болды және кембрийдің ортасында аяқталады, бұл солтүстікте кен алқабындағы Ащыкөл синклинорийінің пайда болуына әкелді. Осыдан кейін жанартаулық және жанартаулық-шөгінді түзілімдердің қалыптасуы басталды. Сондай-ақ, Байкал қатпарлану кезеңі ауданның оңтүстігінде орналасқан протерозой түзілімдерімен байланысты.

Ащыкөл синклинорийі кен денесінің солтүстігінде орналасқан және сипатталған аумақтың төменгі бөлігімен шектеледі. Оның құрылымында басты рөл төменгі кембрий түзілімдеріне жатады, Ащыкөл құрылымдары Бозшакөлге параллель бағытталған.

Жақшы синклинорийі кен денесінің оңтүстігінде орналасқан және кембрий мен протерозой таужыныстарынан тұрады. Құрылым көптеген жарылымдық бұзылыстармен бұзылған, олар габбро интрузияларын енгізуге байланысты.

Бозшакөл кен алқабы ерте каледонидтерге жатады. Негізгі құрылымдар Бозшакөл антиклинорийі болып табылады, оның шегінде кен өрісі, Ащыкөл және жақшы синклинорийі локализацияланған.

Каледондық қатпарлану кезеңі көне кембрий мен ордовикте байқалады, бұл ауданның көп бөлігін алып жатқан Бозшакөл антиклинориясының

калыптасуына әкеледі. Осыдан кейін шөгінді жаралымдар мен фауна түзілімдерінің қалыптасуы басталды. Бұл құрылымдарды құрайтын негізгі материал жанартаулық-шөгінді және шөгінді жаралымдар болып табылады.

Бозшакөл антиклинориясының құрылымы негізінен кембрий кешендерімен қалыптасады. Кен өрісі шегінде көне құрылымдар мен олардың кешендерінің шығуы, оның бүкіл орталық бөлігі арқылы үздіксіз жолақпен бақыланады. Жолақтың ені 4 км-ден асады. Созылуы  $70^{\circ}$  - қа жақын.

Альпілік қатпарлану кезеңі палеоген мен төрттік жүйелердің ортасында пайда болды. Бұл қалың шөгінді тыстың пайда болуына әкелді.

Жарылымдық бұзылыстар өте көп және қатпарланудың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ауданда көрсетілген көптеген жарылымдық бұзылыстардың ішінде оның блоктық құрылымын анықтайтын және фациялар мен қалыңдықтардың таралуына әсер ететін үлкен жарылымдар, сондай-ақ кішігірім амысу амплитудасы бар бұзылулар, сондай-ақ блоктардың құрылымын қиындататын кеңейтілген жарықтар бар.

Үлкен жарылымдардың келесідей жүйелері бөлінеді: шығыс-солтүстік-шығыс, шығыс-солтүстік-батыс және солтүстік-батыс, сондай-ақ суб-ендік және солтүстік-шығыс (солтүстік-солтүстік-шығыс) созылымы.

Шығыс-солтүстік-шығыс бағыттағы ең үлкен жарылым-ұзақ дамып келе жатқан Бозшакөл жарылымы (немесе жарылымдар аймағы) оған Бозшакөл кенорнының кенді интрузивтері ұштасады. Өте маңызды диагоналды жарылым Бозшакөлдің жарылымдар аймағын өткір бұрышпен кесіп өтеді (көлдiң батыс жағалауынан байқалады. Майсор Оңтүстік Бозшакөл габброид массивінің оңтүстік бөлігіне дейін). Көлденең бұзылыстар ұзақ мерзімді даму белгілерімен де сипатталады. Осы бұзылыстармен кенорны блоктарға бөлінеді: Орталық, Шығыс, Батыс.

### 3.4 Пайдалы қазбалар

Кенорнында өнеркәсіптік құндылығы бар ілеспе пайдалы қазбалардың ішінде мыс кендерінде: молибден, алтын, күміс, кобальт, аршылған таужыныстарда – алтын бар. Алынған деректерді алдыңғылармен салыстыру кендердегі алтын блогының жоғары құрамын көрсетеді. 0,1 г/т алтын құрамының изоляциясындағы мору қыртысы аймағының ұзындығы (оған Бозшакөл кенорны, оның шығыс бөлігін қоса алғанда, толық сәйкес келеді) 11 км, ені негізінен 1,0-1,4 км құрайды. Ең байытылған алаң, 0,5 г/т және одан жоғары алтын құрамының изоляциясында.

Мору қыртысы сазды және сазды - қиыршық тасты массамен, кейде тотыққан сульфидтермен қиылысқан, сондай-ақ қарқынды тозған, біркелкі емес сульфидтелген эффузивтермен, гранитоидтармен және метасоматикалық таужыныстармен ашылған. Қыртыстың қалыңдығы 10-15-тен 20-30 м-ге дейін, қалта тәрізді ойпаттарда ол 60-70 м-ге жетеді, орташа қалыңдығы -20м. Сондай-ақ, кенорнында құмтастармен, саздармен ашылған құрылыс материалдары бар.



### 3.5 Стратиграфиясы мен литологиясы

Бозшакөл кенорынының геологиялық құрылымында кембрий, палеоген және төрттік жүйелердің таужыныстары қатысады.

Кембрий жүйесінің түзілімдері жұмыс телімінде кең таралған. Кембрий түзілімдерінің негізі терең ұңғымалармен ашылмайды. Кембрий түзілімдері орталықта, шығыста және оңтүстікте палеоген және төрттік түзілімдерімен жабылған.

*Кембрий жүйесі. Төменгі бөлім. Бозшакөл қабаты. Төменгі қабатша. (C<sub>1</sub>bk<sub>1</sub>).* Түзілімдер жұмыс телімінің солтүстік бөлігін құрайды. Түзілімдер Бозшакөл кенорны үшін кенді болып табылады. Шығысқа қарай жанартаулық-шөгінді түзілімдердің саны артып келеді. Кенорнында терең ұңғымалар негізінен вулканилтермен, долериттік порфириттермен, туфтармен, жасыл полимиктикалық құмтастармен, алевролиттермен, яшмалардан құралған, киманың жоғарғы бөлігі ашылады.

Әрі қарай оңтүстікте жанартаулы-шөгінді және шөгінді жаралымдардың рөлі күрт артады. Порфирокласттар андезит пен лабрадормен ашылған. Негізгі бөлігі қоңыр ыдыраған вулкандық әйнектен, плагиоклаз микролиттерінен және өзгертілген қара түсті минералдан тұрады. Қабаттың жалпы қалыңдығы 2600 м-ден асады, оның жасы таужыныстардың қабаттасуымен анықталады. Жоғарғы қабатша түзілімдері үйлесімді жатады.

*Ортаңғы бөлім. Сарықсор қабаты (C<sub>2</sub>ss).* Сарықсор қабатының түзілімдері жұмыс телімінің көп бөлігін құрайды. Олар Ащыкөл брахисинклиналын Майсор көліне дейін қамтиды. Құрамы бойынша қабат келесідей: кремний тақтатастары, жасыл алевролиттер, шар тәрізді полимиктикалық құмтастар, конгломераттар, ал жоғарғы жағында фаунасы бар әктас линзалары; *Proidagnostus bituberculatus* (ANG), *Anjmocarijides*, *Diplagnostus* (*Linguanostus*), *Peranopsis*, *Hypagnostus*, оленоидтар.

Қара сұр түсті, кремнийлі алевролиттердің қабаттары жиі кездеседі, олардың қалыңдығы бірнеше см-ден аспайды, шар тәрізді ұсақ түйіршікті құмтастардың қабаттары сирек кездеседі. Сарықсор қабатының максималды қалыңдығы 2500-ге дейін. Қабаттың жасы әктас линзаларында орналасқан органикалық қалдықтармен сенімді түрде негізделген.

*Палеоген жүйесі. Эоцен бөлімі (f<sub>2</sub>).* Палеоген (жоғарғы олигоцен) түзілімдері каолинит саз линзалары бар, кремнийлі құрамды құмды-малтатас түзілімдерімен ашылған. Кен алқабының шығысында және орталығында кеңінен таралған. Бұл түзілімдер кварцит тәрізді құмтастар мен кремний цементі бар конгломераттардың үйінділері мен блоктары түрінде ашылады.

Құмтастар ақ, қант тәрізді, әдетте нашар сұрыпталған. Сынықты материал көбінесе бұрыштық пішінді, кремний мен кварциттердің аз қоспасы бар кварцтан тұрады. Оларда темірлі кремнийлі, кварцты, кварц-халцедонды кеуекті толтыратын цемент, кейде базальт түрі бар. Конгломераттар, гравелиттер ашық сұр, түрлі-түсті кремний сынықтарына байланысты сирек кездеседі. Әр түрлі көлемдегі үлкен сынықтар кремнийден, кварцтан, кварциттерден тұрады, әдетте

нашар сұрыпталған, ұсақ түйіршікті құмтастармен цементтелген. Түзілімдердің максималды қалыңдығы-50 м.

*Төрттік жүйе (Q<sub>IV</sub>).* Ауданның оңтүстігінде таралған. Төрттік жастағы борпылдақ жаралымдар барлық жерде таралған және келесідей бөліктерге бөлінеді: *Ортаңғы-жоғарғы плейстоцендік, жоғарғы плейстоценді-голоцендік, голоцендік.*

Орта-жоғарғы плейстоцендік түзілімдер таужыныстардың екі генетикалық түрін біріктіреді: делювиалды-пролювиалды және аллювиалды. Делювиалды-пролювиалды құм, ағаш және қиыршық тас араласқан қоңыр саздар мен саздақтармен ашылған. Түзілімдердің қалыңдығы алғашқы метрден 5-10 м-ге дейін. Аллювиалды түзілімдер жайылмалы террасаны құрайды және қиыршық тастармен, құмдармен, құмды саздармен және саздармен ашылған. Олардың қалыңдығы 15-25 м жетеді.

Жоғарғы плейстоцендік голоцендік түзілімдер делювиалды-пролювиалды құмды саздақтармен, саздақтармен, құмдармен, қиыршық тастармен ашылған. Қиманың төменгі бөлігі әдетте ірі сынықты болады. Голоцен түзілімдері көбінесе көл алаптарының түбінде жатады және химогендік құмдар, құмды саздар, саздақтар, лаймен түзіледі.

Кен алқабында мору қыртысының мезо-кайнозой қабығы дамыған. Оның батыс бөлігінде қалыңдығы 30-50 м болатын аумақтық сипатты иеленеді. Шығыс бөлігінде аумақтық мору қыртысының таралуы, Батыс Бозшакөл қимасымен шектеледі, содан кейін шығысқа қарай ол тектоникалық нашарлаған белдемдер, гранодиориттердің дайкалары бойымен тұрақты емес, ұзартылған денелер түзе отырып, сызықтық сипатқа ие болады.

Мору қыртысының максималды қалыңдығы 120 м-ге дейін, тектоникалық бұзылулармен, олардың қиылысу аймақтарында, сондай-ақ метасоматикалық өзгерген таужыныстар-пиритизацияланған пропициттер телімдерінде шектелген. Мору қыртысының профилі каолинит болып табылады. Каолинит таужынысы көлемінің 60-75%, қалған 35-40% кварц, гидрослюда, монтмориллонит, темірлі хлорит, лимонит құрайды.

### 3.6 Кенді денелерінің сипаттамасы

Кенорны генетикалық тұрғыдан гранодиорит порфирінің интрузиясымен байланысты және мыс порфир рудаларының бір түріне жатады. Рудалық минералдануға ұшырады; диорит-порфириттер, гранодиорит-порфирлер және оларды орналастыратын порфириттер төменгі кембрийдің төменгі субсидиялары. Кендену бақыланатын аумақтың ұзындығы 1030 метр, қалыңдығы 40-тан 620 м-ге дейін.

Морфологиялық кенді денелер штокверк тәрізді, ең төменгі батыс және шығыс қапталдарында және кенорнының батыс және ортаңғы бөлігінде максималды қалыңдығы бар. Шеткі Батыс қапталдағы кендеу шығысқа қарай жылжыған сайын қалыңдығы артып келе жатқан жіңішке линза тәрізді шоғырлар түрінде байқалады.

Шығыста кендеу іс жүзінде сынамаланады. Кенді денеде кенорнының батыс бөлігінде, оның ішінде ең қалың телімдерде баланстық кендер арасында баланстан тыс кендердің линзалары жиі кездеседі. Шығысқа қарай жылжыған сайын баланстан тыс кендер баланстан басым болады. Мұнда баланстық кендер баланстан тыс кендер арасында бөлек шашыраңқы линзалар түзеді. Кендердің морфологиялық сипаттамасы көлденең геологиялық профильдерде жақсы байқалады.

### 3.7 Кенорнының генезисі

Бозшакөл кенорнының генезисі гидротермиялық. Порфирлік интрузиялар, кірігетін эффузивтер сияқты барынша өзгерістермен ашылған: диоритті порфириттер, гранодиориттер, кварцты диориттер т.с.с., олар габбро-диорит, габбро-диорит-гранодиорит түзілімдерінің көне дифференциациясы немесе жанартаулық жаралымдардың жетекші арналары болып табылады.

Дәл осы типтегі кенорындары бір кездері мыс-порфирге жатқызылды, олар геосинклиналдардың даму тарихында мыс-порфир кенорындары екі рет пайда болатынын атап өтті: ерте және көне кезеңдердің соңында. Кендену субинтрузивті денелердің эндо - және экзо байланысты аймақтарында локализацияланған, олар әдетте қарапайым құрылымымен және кішігірім өлшемдерімен ерекшеленеді.

Мұндай субинтрузивті денелер спилит-кератофир формациясы таужыныстарының комагматтары ретінде қарастырылады. Мыс-порфирлі пропилит кенорындарына тән белгілерінің бірі - олардың колчедан кенденуімен тығыз байланысы. Кен минералдануы халькопириттің, пириттің өзектерімен ашылған, молибденит, борнит, галенит, сфалерит аз мөлшерде кездеседі, кейбір кенорындарында – пирротин және басқа минералдар, құрамы әртүрлі метасоматикалық таужыныстармен (биотит, хлорит-биотит, кварц және т.б.) шектеседі.

### 3.8 Кенорнының гидрогеологиялық жағдайлары

Бозшакөл кенорны ауданының гидрогеологиялық жағдайлары таужыныстарын дамытудың жалпы құрылымдық жоспарымен, сондай-ақ ауданның климаттық ерекшеліктерімен және жер бедерінің жағдайларымен негізделген. Бозшакөл кенорны Өлеңті – Шідерті өзендерінің суайырықты бөлігінде орналасқан. М

Кенорнынан оңтүстікке қарай 0,5-0,8 км жерде ауданы 10000 км<sup>2</sup> болатын Бозшакөл көлі орналасқан. Көлдің қоректенуі тек сырттан келетін сулардың есебінен жүреді.

Гидрогеологиялық зерттеу нәтижесінде, кенорны аймағында жарықшақты типтес жерасты сулары бөлінеді, олар төменгі кембрий қабатында жарықшақтар бойынша, сол сияқты тектоникалық жарылымдар бойынша айналады.

Кенорнында жерасты суларының жатыс тереңдігі орталық және батыс бөлігінде 6-дан 10 м-ге дейін ауытқиды және кенорнының шығыс бөлігінде 30 м-ге жетеді, бұл бедерлік жағдайларға байланысты. Кенорнында палеоген түзілімдерінде жатқан 2 сулы горизонт бөлінеді.

Жерасты суларының деңгейлік режимін бақылау кенорны ауданындағы деңгейлердің жылдық ауытқу амплитудасы 2-3 м екенін көрсетті. Жерасты суларының қозғалу бағыты шеткі бөліктерден кенорнының орталық, төменгі бөлігіне дейін жүреді және осы жерден сулар алқап бойымен солтүстікке қарай, кенорнынан тыс қозғалады.

Қозғалыстың бұл сипаты жерасты суларының өте баяу айналымын көрсетеді. Өлеңті – Шідерті кенорнының суайрық алаңындағы жерасты сулары қозғалысының жалпы бағыты екі бағыт бойынша жүреді. Бір жағынан, су Өлеңті – Шідерті өзен аңғарларына қарай, екінші жағынан оңтүстіктен солтүстікке қарай, Батыс-Сібір жазығы белдеміне қарай қозғалады.

1. Кенорнында кездесетін таужыныстардың сулануы шамалы, сүзілу коэффициенті тәулігіне 0,4 м аспайды.

2. Таужыныстарының сулануы біртіндеп тереңдікте азаяды және 100 м-ден астам тереңдікте таужыныстары сусыз немесе аздап суланған.

3. Дренаждық шахтаға су құйылулары да шамалы, мұнда сүзілу коэффициенті де тәулігіне 0,4 м - ден аспайды.

4. Сүзілу коэффициенттерінің шамалы ауытқуы таужыныстарының сулануы жеке телімдер үшін де, жалпы кенорны үшін де бірдей екенін айтады. Тау-кен қазбаларына су құйылысы 16,2 л/сек құрайды.

### 3.9 Кенорнының геохимиялық сипаттамасы

Геохимиялық жұмыстар кезінде өнеркәсіптік концентрацияда кендеуді оқшаулау үшін келесі геологиялық-геохимиялық алғышарттар сенімді түрде ерекшеленеді:

1. Жобаланған жұмыстардың ауданы, мыс-молибден кендерін оқшаулау үшін қолайлы, орта кембрийдің қалыңдығынан (90 %) тұрады.

2. Бұл қалыңдық мыс-молибден минералдануымен кеңістіктік және генетикалық байланысқан, порфирит диориттерінің, порфирит диориттерінің интрузияларымен бұзылады.

3. Кенді белдем таужыныстарының гидротермиялық және метасоматикалық өзгеру телімдерімен ұштасады.

4. Көптеген геохимиялық ауытқулар (Au, Cu, Ag) және индикатор элементтері (Ni, Bi, Sb) кешенді сипаттағы кең және қарқынды рудогенезді көрсетеді.

Мыс, алтын, күмістің шашыранды ореолдары негізінен гидротермалды-метасоматикалық өзгерістер белдемінде таралған және көбінесе интрузиялардың эндо және экзобайланысты белдемдерімен ұштасады. Ореолдар кешенді, элементтер арасында тұрақты корреляциялық байланыс белгіленеді. Мору қыртысында қайталама кешендік ореолдардың көлемі 20x80 м-ден 80x520м

дейін, құрамы бойынша Cu- 0,1-0,5 г/т, Au – 0,1-0,3 %, Ag – 0,5-1,0 г/т. Іргетасты таужыныстарында алғашқы кешенді ореолдар аз дамыған, 15х60 м-ден 10х210 м-ге дейінгі көлемдері бар сызықты созылыңқы пішіндермен ашылған, құрамы бойынша Au >0,5 г/т, Cu >0,3 %, Ag >1,0 г/т.

Ni, Bi, Sb индикатор элементтері сонымен қатар Ni >400 г/т, Bi >2 г/т, Sb >5 г/т құрамы бар күрделі бастапқы және қайталама ореолдар түзеді, өлшемдері 20х60 м - ден 20х200 м-ге дейінгі бір, екі ұңғыма бойынша бақыланады.

### 3.10 Кенорынының геофизикалық сипаттамасы

Жұмыс ауданы мен жобалау телімінің таужыныстары мен кендерінің физикалық қасиеттері (тығыздық, магниттік сезімталдық, электр өткізгіштік және поляризация) 1:50 000 масштабтағы геологиялық түсірілімде зерттелді. Мыс іздеу кезінде физикалық қасиеттері каротаж бойынша зерттелді, сонымен қатар үлгілердегі кендердің тығыздығы анықталды.

Телімде гидротермалды өзгерген кірігетін таужыныстары магниттік қасиеттері бойынша өзгермеген таужыныстарынан ерекшеленуі мүмкін.

Хлориттену, серициттену, кварцталу және пириттелумен қатар жүрітені сілтілену жағдайларында кенді таужыныстардың магниттік қасиеттері, әдетте, төмендейді. Шөгінді кешенге 200 граммға дейінгі қалыпты магнит өрістер сәйкес келеді.

Эффузивті таужыныстары 100-600 гамм магнит өрістерінің жоғарылауымен ерекшеленеді, олар аномальды жолақтар немесе аномалиялардың "тізбектері" түрінде созылады. Интрузивті таужыныстар дұрыс емес, көбінесе изометриялық және таужыныстарының кеңеюіне сәйкес келмейтін, 400 гаммаға дейінгі ауытқулармен картаға түсіріледі. Мұндай ауытқулардың перифериялық бөліктері көбінесе интрузиялардың қоршаған таужыныстарға белсенді әсер ету аймақтарына байланысты басқа ретті ауытқулардың ореолдарымен күрделенеді.

Тығыздығы, магниттік қасиеттері сияқты, негізінен таужыныстарының минералогиялық құрамына байланысты. Интрузиялар үшін тығыздықтың жоғарылауы таужыныстарының негізділігіне тікелей байланысты. Габбро типіндегі негізгі құрамдағы таужыныстардағы ең үлкен тығыздық, серпентиниттердегі ең төменгі тығыздық, диориттер аралық мәнге ие.

Поляризациялану таужыныстарының минералогиялық құрамын көрсетпейді, бірақ олардың сульфидтермен ластану дәрежесін сипаттайды. Сульфидтер болмаған кезде барлық таужыныстардың поляризациясы 1-2 % құрайды. Құрамында сульфидтер бар таужыныстары жоғары ВП мәндерімен сипатталады, бұл сульфидті минералдануды тікелей іздеу үшін ВП әдісін қолданудың жоғары тиімділігін анықтайды.



## 4 ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ӘДІСТЕМЕСІН ТАЛДАУ

Жобаның негізгі мақсаты  $C_2$  категориясы бойынша қорларды есептеуді негіздей отырып Бозшакөл мыс кенорнының шығыс қапталына барлау жұмыстарын жүргізу болып табылады. Келесідей геологиялық міндеттер шешіледі:

- Кенді дененің көлемі мен пішінін, кеннің сапасы мен заттық құрамын зерттеу;
- Кенорнының гидрогеологиялық, геофизикалық жағдайларын зерттеу;
- Кендену телімінің геологиялық құрылымы туралы деректерді жалпылау;
- $C_2$  категориялары бойынша қорларды жиектеу үшін барлау торабының оптималды тығыздығын қамтамасыз ету;
- Барлау торабын жүйелі жиілету жолымен, кенді шоғырдың толық зерттелуін қамтамасыз ету.

Барлау кенорнының шығыс қапталында жүргізіледі, ол жақын арада өнеркәсіптік игеруге бағалау жұмыстарының нәтижесінде белгіленеді. Іздеп-бағалау жұмыстары кезеңінде кен денесі  $200 \times 200$  желісі бойынша зерттелді. 25 ұңғыма бақыланды, жалпы көлемі 11895 б.м. Осы жұмыстар барысында пайдалы қазбалардың барлық ашылымдары мен белгілері тіркеліп, нақтыланды.

Бағалау кезеңінде осы кен денесінде көлемі 8472 б.м. болатын 13 бұрғылау ұңғымасы өтті. Кенорнын барлау, әдетте, бағалау сатысында белгіленген жүйе бойынша, бірақ қалың желіні қолдана отырып жүзеге асырылады. Кен денесі штокверкпен ашылғандықтан, жоба  $C_2$  категориясы бойынша қорларды есептеу үшін кен денесін шаршы желімен барлауды ұсынады:  $C_1$  категориясы -  $100 \times 200$ ,  $C_2$  категориясы -  $50 \times 100$ .

Жұмыс телімінде келесідей жұмыс түрлері жүргізілетін болады:

- Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстары;
- Геофизикалық жұмыстар;
- Барлау жұмыстары;
- Топография-геодезиялық жұмыстары;
- Сынамалау жұмыстары.

### 4.1 Гидрогеологиялық және инженерлік – геологиялық жұмыстары

Гидрогеологиялық жұмыстардың мақсаты материалдарды алу, барланатын шоғырдың сулылық жағдайын, сулы таужыныстарының сүзілу қасиеттерін зерттеу, болашақ тау-кен қазбаларына су құйылыстарын болжау, гидрогеологиялық параметрлер мен кенорнының сулануын анықтау, нақты материалмен негізделген инженерлік-геологиялық жағдайлардың сипаттамаларын алу болып табылады.

